



Электрондық нысанда жазып берілетін шот-фактуралардың құжат айналымының қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 9 ақпандағы № 77 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 13 наурызда № 10423 тіркелді

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.12.2015 № 719 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 263-бабының 1-2-тармағына, «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Электрондық нысанда жазып берілетін шот-фактуралардың құжат айналымының қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.12.2015 № 719 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кіріс комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне осы бұйрықты мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден кейін оны бұқаралық ақпарат құралдары мен «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында осы бұйрықтың орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 9 ақпандағы
№ 77 бұйрығымен бекітілген

Электрондық нысанда жазып берілетін шот-фактуралардың құжат айналымының қағидаларын бекіту туралы

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.12.2015 № 719 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Электрондық нысанда жазып берілетін шот-фактуралардың құжат айналымының қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 263-бабының 1-2-тармағына, «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.12.2015 № 719 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда:

- 1) шот-фактура нысаны;
- 2) электрондық нысанда жазып берілетін шот-фактураларды (бұдан әрі - ЭШФ) жазып беру, жөнелту, қабылдау, тіркеу, өңдеу, беру және алу тәртібі;
- 3) ЭШФ куәландыру тәртібі;
- 4) түзетілген, қосымша ЭШФ алынғанын растау ерекшелігі;
- 5) ЭШФ сақтау тәртібі;
- 6) бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган мен мемлекеттік кірістер органдары арасындағы өзара іс-қимыл тәртібі айқындалады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 641 (15.12.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.12.2015 № 719 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Салық кодексінің 256, 263 және 264-баптарымен белгіленген талаптарға және осы Қағидаларда сәйкес жазып берілген және Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде тіркелген ЭШФ қосылған құн салығын (бұдан әрі - ҚҚС) есепке жатқызу үшін негіз болып табылады. Егер шот-фактура қағаз тасымалдағышында да, электрондық нысанда да жазып берілген жағдайда, онда электрондық нысанда жазып берілген шот-фактура тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушының ҚҚС есепке жатқызуы үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.12.2015 № 719 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) баждың төмендетілген ставкасы – кедендік әкелу баждардың Дүниежүзілік сауда ұйымында Қазақстан Республикасының міндеттемелерінде көзделген ставканың барынша жоғары деңгейінде белгіленетін Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің (бұдан әрі – ЕАЭО БКТ) қолданыстағы кедендік әкелу баж ставкасымен салыстырғанда өте төмен ставкасы;
- 2) Тізбе – Қазақстан Республикасының аумағына баждардың төмендетілген ставкалары, сондай-ақ осындай ставкалардың мөлшері қолданылатын Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі - ЕАЭО) мүше мемлекеттері болып табылмайтын үшінші елдерден әкелінетін тауарлардың тізбесі;
- 3) Тізбеге енгізілген тауар – ЕАЭО сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының коды (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН коды) және атауы Тізбеге енгізілген тауар;
- 4) тіркеу куәлігі – куәландырушы орталық электрондық цифрлық қолтаңбаның «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес келуін растау үшін беретін қағаз жеткізгіштегі құжат немесе электрондық құжат ;
- 5) уәкілетті адам – электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде осындай заңды тұлғаның атынан сенімхат негізінде операцияларды жүзеге асыруға құқық, оның ішінде заңды тұлғаның атынан ЭШФ қол қою құқығы берілген заңды тұлғаның қызметкері;
- 6) уәкілетті органның нормативтік-анықтамалық ақпараты – мемлекеттік кірістер органдарының деректер базасынан берілетін және салық заңнамасына сәйкес салық құпиясы болып табылмайтын ақпарат;
- 7) электрондық құжат – ақпараты электрондық-цифрлық нысанда табыс етілген және ЭЦҚ арқылы куәландырылған құжат;
- 8) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;
- 9) электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ЭШФ АЖ) – ол арқылы ЭШФ

жазып беру, жөнелту, қабылдау, тіркеу, өңдеу, беру, алу және сақтау жүзеге асырылатын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның ақпараттық жүйесі;

10) ЭШФ - ЭШФ АЖ арқылы электрондық нысанда жазып берілетін және салық заңнамасы нормаларының талаптарына және осы Қағидаларға сәйкес келетін шот-фактура;

11) ЭШФ АЖ қатысушы - ЭШФ АЖ пайдалану туралы келісімге қол қойған және ЭШФ АЖ-де тіркелген адам;

12) ЭШФ АЖ қатысушыны есепке алу жүйесі - салық міндеттемесін орындау мақсатында жүргізілетін бастапқы есептік құжаттардың деректерін, бухгалтерлік есеп тіркелімдерін, салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы ақпаратты қамтитын бухгалтерлік және салық есебінің жүйесі;

13) ЭШФ АЖ операторы - ЭШФ АЖ әкімшісі болып табылатын бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган;

14) ЭШФ-ні ЭШФ АЖ-да тіркеу - құжаттың осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келуі, тіркеу куәлігінің шынайылығы мәніне тексеруді қамтитын шот-фактура құжатын ЭШФ АЖ-де өңдеу және бірегей тіркеу нөмірін беру процесі;

15) ЭШФ өңдеу - ЭШФ Салық кодексінің 256 және 263-баптарында және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру, мұндай талаптарға сәйкес келмейтін ЭШФ кейіннен қайтарып алу;

16) ЭШФ тіркеу нөмірі - оны тіркеген кезде берілетін және жеткізушінің сәйкестендіру нөмірінің, ЭШФ тіркелу күнінің және бірегей дәйексіз нөмірінің негізінде автоматты түрде электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде қалыптастырылатын электрондық шот-фактуралардың бірегей нөмірі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 641 (15.12.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 29.12.2015 № 719 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

4-1. Салық төлеуші, егер ЭШФ жазып беру бойынша міндеттеме Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 желтоқсандағы Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық одағының кедендік аумағына тауарларды әкелудің және айналымның кейбір мәселелері туралы хаттаманың (бұдан әрі - Хаттама) іске асырылуына қабылданған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен көзделсе, ЭШФ жазып беруін Салық кодексінің 256, 263 және 264-баптарында және осы Қағидаларда белгіленген тәртіпте жүзеге асырады.

Ескерту. 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 641 (15.12.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. ЭШФ құжат айналымын шеңберінде ЭШФ АЖ-детек ЭШФ АЖ қатысушысы ретінде тіркелген салық төлеушілер жүзеге асырады.

6. ЭШФ АЖ-де тіркелген кезде ЭШФ АЖ-ге қатысушыға мынадай мәртебе беріледі:

- 1) жеке тұлға;
- 2) дара кәсіпкер;
- 3) заңды тұлға.

7. Жеке тұлға - ЭШФ АЖ-ге өзге де қатысушы мұндай жеке тұлға ЭШФ АЖ-не басқа қатысушы заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің уәкілетті тұлғасы болып табылатын жағдайды қоспағанда, ЭШФ жазып беруге құқығы жоқ.

8. Әрбір мәртебе бойынша тіркеу осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес бөлек ЭШФ АЖ-ны пайдалану туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) қол қою негізінде жүргізіледі.

9. ЭШФ АЖ пайдалану туралы келісім салық төлеушінің ЭЦҚ-мен куәландырылады.

ЭШФ АЖ-ға қатысушыны авторландыру және ЭШФ АЖ-де электрондық құжаттарды куәландыру үшін Ұлттық куәландырушы орталықтың (бұдан әрі - ҰКО) электрондық нысандағы тіркеу куәлігі қолданылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.12.2015 № 719 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Заңды тұлға, оның ішінде осындай заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі электрондық нысанда жасалатын сенімхат негізінде ЭШФ АЖ-де жұмыс істеу үшін уәкілетті адамды айқындайды. Бұл ретте, заңды тұлғаның басшысы уәкілетті адамға осындай заңды тұлғаның атынан ЭШФ АЖ-де

операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құқықтарды, осындай құқықтардың қолданылу мерзімін көрсете отырып береді.

Заңды тұлғаның басшысы уәкілетті тұлғаға берілген құқықтарды түзете алады не оны осы құқықтардан айыра алады.

Заңды тұлғаның басшысы ЭШФ АЖ жүйесінде уәкілетті адамдардың және заңды тұлға атынан оларға іс-әрекетті орындауға берілген құқықтар тізбесінің өзектілігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 641 (15.12.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. ЭШФ АЖ құжат айналымы процесінде мынадай операциялар жүзеге асырылады:

- 1) электрондық нысанда шот-фактураны құру - Салық кодексінің 263-бабында белгіленген талаптарға және осы Қағидаларға сәйкес нысанын толтыру;
- 2) электрондық нысанда шот-фактураны куәландыру - электрондық цифрлық қолтаңбамен ЭШФ қол қою;
- 3) ЭШФ жөнелту - осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келуіне тексеруді жүзеге асыру үшін құрылған және куәландырылған ЭШФ жөнелту;
- 4) ЭШФ өңдеу - осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келуіне тексеруді жүзеге асыру процесі ;
- 5) ЭШФ тіркеу - ЭШФ АЖ бірегей тіркеу нөмірін беру рәсімі. ЭШФ тіркеу өңдеу процесінде қатесі болмаған жағдайда жүргізіледі.
- 6) ЭШФ жазып беру - бұл Салық кодексінің 263-бабында және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес жазып берілген және ЭШФ АЖ бірегей тіркеу нөмірі берілген электрондық цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ) куәландырылған ЭШФ құру;
- 7) ЭШФ алу - ЭШФ АЖ-де тіркелген ЭШФ тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізушіден тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушыға жеткізу;
- 8) ЭШФ қарау - тіркелген ЭШФ көрсету;
- 9) ЭШФ беру - импортталған ЭШФ тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізушіден тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушыға жеткізу;
- 10) ЭШФ кері қайтару - ЭШФ жарамсыз деп тану;
- 11) электрондық нысанда шот-фактураны қабылдау - ЭШФ АЖ құралдарымен өңдеу және тіркеу үшін салық төлеушінің басқа есептік жүйелерінен құжаттың импорты;
- 12) ЭШФ экспорты - тіркелген ЭШФ ЭШФ АЖ-дан сақтау, оның ішінде басқа есептік жүйелеріне жіберу.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.12.2015 № 719 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. ЭШФ осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген операцияларды жүзеге асыру кезінде мынадай мәртебеге ие болады:

- 1) «Қаралмады» - Салық кодексінің 263-бабында және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес жазып берілген және бірегей тіркеу нөмірі берілген электрондық цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ) куәландырылған, бірақ тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушы қарамаған ЭШФ;
- 2) «Жеткізілді» - Салық кодексінің 263-бабында және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес жазып берілген және бірегей тіркеу нөмірі берілген электрондық цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ) куәландырылған, сондай-ақ тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушы қарамаған ЭШФ;
- 3) «Жойылды» - міндетті түрде түзетілген ЭШФ жазып бере отырып, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жөнелтуші жойған ЭШФ;
- 4) «Кері қайтарылды» - тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жөнелтуші кері қайтарған ЭШФ;
- 5) «Шимай» - ішінара толтырылған, редакцияланатын, бірақ тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушыға жөнелтілмеген құжат;
- 6) «Импортталған» - салық төлеушінің басқа есептік жүйелерінен ЭШФ АЖ-не жүктелген, ол бойынша осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізілген, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушыға жөнелтілген ЭШФ;
- 7) «Қате» - электрондық нысанда толтырылған, осы Қағиданың талаптарына сәйкестігін тексеруден өтпеген және тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушыға жіберілмеген шот-фактуралар

;

8) «Қабылданбаған» - тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушы қабылдамаған түзетілген немесе қосымша ЭШФ.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 29.12.2015 № 719 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Түзетілген ЭШФ Салық кодексінің 263-бабы 14, 14-1-14-3-тармағындарымен белгіленген жағдайларда жазып беріледі.

Қосымша ЭШФ Салық кодексінің 265-бабында белгіленген жағдайларда жазып беріледі.

Түзетілген немесе қосымша ЭШФ жазып беру ЭШФ жазып берілген күнге белгіленген 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі

14. ЭШФ АЖ бар электронды құжат ЭШФ АЖ арқылы шот-фактура жазылған жағдайда, ЖШФ түпнұсқасы (телнұсқасы) болып табылады.

Бұл ретте, мазмұны ЭШФ мазмұнына қайшы келмейтін ЭШФ қағаз тасымалдағышында немесе электронды нысанда көшірмесі болуы мүмкін.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.12.2015 № 719 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. ЭШФ АЖ қатысушы электронды нысанда жазылатын шот-фактуралардың құжат айналымы мақсатында ЭШФ АЖ мынадай қосымшаларын пайдаланады:

1) on-Line режимінде ЭШФ АЖ-де жұмысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін Web-қосымша;

2) off-Line режимінде ЭШФ АЖ-де жұмысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін Desktop-қосымша (интернет-қосылыс болмаған және/немесе тұрақсыз болған жағдайда);

3) сыртқы есепке алу жүйелеріне ЭШФ АЖ-нің ЭШФ АЖ қатысушылардың есептік жүйелерімен бірігуі жолымен Web-қосымшамен desktop-қосымшасындағы бизнес-процестерде көзделген ЭШФ АЖ-дегі барлық операцияларды орындауға мүмкіндік беретін API-интерфейсі.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 29.12.2015 № 719 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. ЭШФ АЖ оның ішінде мыналарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

1) осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін салық төлеушінің есептік жүйелерінде жазып берілген шот-фактураларды қабылдау;

2) ЭШФ АЖ-де ЭШФ АЖ қатысушылар арасында хабарламалар алмасу;

3) бұрын жазып берілген ЭШФ қайтарып алу.

17. Шетел валютасында көрсету мүмкін болатын мынадай жағдайларды қоспағанда, ЭШФ Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жазып беріледі:

1) өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) шеңберінде жасалған мәмілелер (операциялар) бойынша;

2) Салық кодексінің 242, 276-11, 276-13-баптарына сәйкес ҚҚС нөлдік мөлшерлемесі бойынша салық салынатын экспортқа тауар өткізу жөніндегі мәмілелер (операциялар) бойынша;

3) Салық кодексінің 244-бабына сәйкес ҚҚС нөлдік мөлшерлемесі бойынша салық салынатын халықаралық тасымалдар бойынша қызметтерді өткізу жөніндегі айналымдар бойынша;

4) Салық кодексінің 245-бабы 1-2-тармағына сәйкес ҚҚС нөлдік мөлшерлемесі бойынша салық салынатын өткізу жөніндегі айналымдар бойынша.

2. ЭШФ жазып беру, жөнелту, қабылдау, тіркеу, өңдеу, беру және алу тәртібі

18. ЭШФ осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысанда жазып беріледі.

19. ЭШФ мынадай бөлімдерден тұрады:

1) жалпы бөлім;

2) жеткізушінің деректемелері;

3) алушының деректемелері;

4) жүкті жіберушінің және жүкті алушының деректемелері;

5) жеткізу шарттары;

6) мемлекеттік мекеменің деректемелері;

7) тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша деректер;

8) бірлескен қызметке қатысушылардың тауарлары, жұмыстары, көрсетілетін қызметтері бойынша деректер;

9) қосымша мәліметтер;

10) ЭЦҚ бойынша мәліметтер.

20. А «Жалпыбөлім» ЭШФ деген бөлімде:

1) «Тіркеу нөмірі» деген 1-жолда ЭШФ тіркеу нөмірі көрсетіледі. ЭШФ АЖ жүйесінде құжатты тіркеу кезінде ЭШФ АЖ автоматты түрде толтырылады және ЭШФ АЖ қатысушының толтыруына және (немесе) редакциялауына арналмаған;

2) «Есепке алу жүйесінің нөмірі» деген 1.1-жолда салық төлеушінің салық есебінде берілетін және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуші дербес айқындайтын шот-фактуралардың реттік нөмірі көрсетіледі (жол міндетті түрде толтыруға жатады);

3) «Жазып берілген күн» деген 2-жолда ЭШФ алушыға жөнелту күні көрсетіледі, бұл ретте ЭШФ АЖ қатысушының оны түзетуге құқығы жоқ (жол міндетті түрде толтыруға жатады);

4) «Айналым жасалған күн» деген 3-жолда Салық кодексінің 237-бабына сәйкес айқындалған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналым жасалған күн көрсетіледі (жол міндетті түрде толтыруға жатады).

Бұл ретте, түзетілген шот-фактура бойынша өткізу бойынша айналымды жасау күні талап ету мерзімі шегінде, бірақ жойылатын ЭШФ жазып беру күнінен бұрын емес түзету мүмкіндігімен жойылатын шот-фактурада көрсетілген айналым жасалған күн бойынша айқындалады.

Қосымша шот-фактура бойынша өткізу бойынша айналым жасалған күн Салық кодексінің 237-бабында көзделген жағдайлар басталған күн бойынша айқындалады.

Қосымша шот-фактура Салық кодексінің 265-бабы 3-тармағына сәйкес айқындалған өткізу бойынша айналым жасалған күнінен ерте емес және өткізу бойынша айналым жасалған күнінен кейінгі күнтізбелік он күннен кешіктірмей жазып беріледі.

Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 641 (15.12.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. «Түзетілген» деген 4-жол түзетілген ЭШФ жазып беру жүзеге асырылған жағдайда белгілеуге жатады. Бұл ретте бұл жолды, егер «Қосымша» деген 5-жол белгіленбеген жағдайда белгілеуге болады.

«Түзетілген» деген 4-жолды белгілеген кезде 4.1, 4.2 және 4.3-жолдар міндетті түрде толтырылуға тиіс:

1) «Күні» деген 4.1-жолда жойылатын (түзетілетін) ЭШФ күні көрсетіледі;

2) «Есептік жүйе нөмірі» деген 4.2-жолда жойылатын ЭШФ реттік нөмірі көрсетіледі, бұл ретте, егер жойылатын шот-фактура 2015 жылдың 1 сәуіріне дейін жазып берілген жағдайда, онда түзетілген ЭШФ-ні жазып берген кезде тіркеу нөмірі мен есептік жүйе нөмірін көрсету талап етілмейді, ал егер жойылатын ЭШФ тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушіні ЭШФ АЖ-де тіркегеннен кейін жазып берілген жағдайда, онда түзетілген ЭШФ жазып берген кезде 4.1, 4.2 және 4.3-жолдарды толтыру қажет;

3) «Тіркеу нөмірі» деген 4.3-жолда жойылатын ЭШФ тіркеу нөмірі көрсетіледі. Егер жойылатын шот-фактура 2015 жылдың 1 сәуіріне дейін жазып берілген жағдайда, онда түзетілген ЭШФ-ні жазып берген кезде тіркеу нөмірі мен есептік жүйе нөмірін көрсету талап етілмейді.

Түзетілген ЭШФ жазып беру кезінде өзгерістер енгізілетін мәтін жолдары мен жиынтық бағандарында дұрыс мәліметтер мен сомалары көрсетіледі, ЭШФ-нің өзгерістер енгізілмейтін жолдары мен бағандарында бұрынғы мәліметтер өзгеріссіз көрсетіледі.

22. Түзетілген ЭШФ жазып беру кезінде бұрын жазып берілген ЭШФ және жойылатын ЭШФ-ға жазып берілген барлық қосымша ЭШФ жойылады.

23. Егер бұрын жазып берген ЭШФ-ға қосымша ЭШФ бар болса, онда түзетілген ЭШФ жазып берген кезде 4.1, 4.2 және 4.3-жолдарда бұрын жазып берген ЭШФ күні, тіркеу және реттік нөмірі көрсетіледі. Бұл жағдайда бұрын жазып берілген ЭШФ да, қосымша ЭШФ да жойылады. Бұл ретте, бұрын жазып берілген, жойылған қосымша ЭШФ қалпына келтіру үшін түзетілген ЭШФ жазып берілген күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде түзетілген ЭШФ-ға қосымша ЭШФ жазып беру қажет.

24. «Қосымша» деген 5-жол қосымша ЭШФ жазып берілген кезде белгіленуге тиіс. Бұл ретте, аталған жолды «Түзетілген» деген 4-жол белгіленбеген жағдайда белгілеуге болады.

Қосымша ЭШФ жазып берген кезде редакциялау үшін тек бұрын жазып берілген ЭШФ-да

толтырылған ЭШФ нысанының G және H бөлімдерінің бағандары қол жетімді.

Қосымша ЭШФ және осындай қосымша жазып берілетін ЭШФ бойынша G «Тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша деректер» мен H «Бірлескен қызметке қатысушылардың тауарлары, жұмыстары, қызметтері бойынша деректер» бөлімдердің 13 «Жанама салықтарды есептегендегі тауарлар, жұмыстар, қызметтер құны» бағанындағы мәндердің жиынтығы сомасы теріс мәнде бола алмайды.

25. «Қосымша» деген 5-жолды белгілеген кезде 5.1, 5.2 және 5.3-жолдарда қосымша жазып берілетін бастапқы шот-фактураның деректемелері көрсетіледі:

1) «Жазып берілген күн» деген 5.1-жолда қосымша ЭШФ жазып берілетін ЭШФ күні көрсетіледі;

2) «Есептік жүйе нөмірі» деген 5.2-жолда қосымша ЭШФ жазып берілетін ЭШФ нөмірі көрсетіледі. Бұл ретте, егер қосымша ЭШФ жазып берілетін ЭШФ 2015 жылдың 1 сәуіріне дейін жазып берілген жағдайда, онда қосымша ЭШФ жазып берген кезде тіркеу нөмірі мен есептік жүйе нөмірін корсету талап етілмейді, ал егер қосымша ЭШФ жазып берілетін ЭШФ тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуші ЭШФ АЖ-де тіркелгеннен кейін жазып берілген жағдайда, онда қосымша ЭШФ жазып берген кезде 5.1, 5.2 және 5.3-жолдардың міндетті түрде толтырылуын тексеру жүзеге асырылады.

3) «Тіркеу нөмірі» деген 5.3-жолда қосымша ЭШФ жазып берілетін ЭШФ тіркеу нөмірі көрсетіледі. Егер қосымша ЭШФ жазып берілетін ЭШФ 2015 жылдың 1 сәуіріне дейін жазып берілген жағдайда, онда қосымша ЭШФ жазып берген кезде тіркеу нөмірі мен есептік жүйе нөмірін корсету талап етілмейді

26. 2015 жылдың 1 сәуірінен кейін ЭШФ АЖ-де тіркелмеген ЭШФ-ға қосымша, түзетілген ЭШФ жазып беруге және ЭШФ АЖ-де тіркеуге жатпайды.

27. ЭШФ АЖ-де тіркелмеген ЭШФ кері қайтару мүмкін емес.

28. Түзетілген ЭШФ-на қосымша ЭШФ жазып берілген жағдайда 5.1, 5.2 және 5.3-жолдарда қосымша ЭШФ жазып берілетін түзетілген ЭШФ-ның жазып берілген күні, ЭШФ АЖ-не қатысушының есептік жүйесіндегі тіркеу нөмірі көрсетіледі.

«Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша деректер» деген G және «Бірлескен қызметке қатысушылардың тауарлары, жұмыстары, көрсетілетін қызметтері бойынша деректер» деген H бөлімдерінің 5, 6, 7, 9, 10, 12, 13 жиынтық бағандарында көрсетілген бағандардың бұрынғы мәндерінің артуын немесе кемуін көрсететін айырмасы (оң немесе теріс) көрсетіледі.

29. Түзетілген немесе қосымша ЭШФ жазып берілген күн қосымша немесе түзетілген ЭШФ жазып берілетін ЭШФ жазып берілген күннен бастап салық заңнамасында белгіленген талап ету мерзімінен аспауға тиіс.

30. Егер ЭШФ АЖ-де тіркелген ЭШФ-ға түзетілген немесе қосымша ЭШФ жазып беру талап етілген жағдайда, мұндай жазып беру тек ЭШФ АЖ-де жүргізіледі.

31. «Жеткізушінің деректемелері» ЭШФ деген B бөлімінде:

1) «ЖСН/БСН» деген 6-жолда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі, осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда түзетілген ЭШФ жазып беруді қоспағанда, жол міндетті түрде толтыруға жатады;

2) «Қайта ұйымдастырылған тұлғаның БСН» деген 6.1-жолда түзетілген немесе қосымша ЭШФ жазып берген кезде қосылу, бірігу, бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

3) «Жеткізуші» деген 7-жолда ЭШФ жазып беретін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің атауы көрсетіледі (жол міндетті түрде толтыруға жатады):

тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді жеткізуші болып табылатын дара кәсіпкерлерге қатысты - қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлікте көрсетілген салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілме) және (немесе) атауы;

тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді жеткізуші болып табылатын заңды тұлғаларға қатысты - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада көрсетілген атауы. Бұл ретте, ұйымдық-құқықтық нысанын көрсету бөлігінде дәстүрге, оның ішінде іскерлік айналымдағы дәстүрге сәйкес аббревиатуралар қолданылуы мүмкін;

4) «Орналасқан орнының мекенжайы» деген 8-жолда Салық кодексінің 560-бабы 7-тармағына сәйкес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің заңды мекенжайы немесе

орналасқан орнының мекенжайы көрсетіледі. Дерекқорда заңды мекенжайы немесе орналасқан орнының мекенжайы болмаған жағдайда, жол толтырылмай қалдырылады оны қолмен толтыру құқығы болмайды;

5) «ҚҚС төлеушінің куәлігі» деген 9-жолда ЭШФ жазып беретін тұлғаның ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлігінің деректемелері көрсетіледі. «Сериясы» деген 9.1 және «Нөмірі» деген 9.2-жолдарда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің ҚҚС төлеуші тіркеу есебіне қою туралы куәлігінің сериясы мен нөмірі көрсетіледі. Егер тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуші резидент заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі (филиал немесе өкілдік) болып табылса, онда бұл жолда құрылымдық бөлімшесі болып табылатын ҚҚС төлеуші заңды тұлға тіркеу есебіне қою туралы куәлігінің сериясы мен нөмірі көрсетіледі (жол міндетті түрде толтыруға жатады). Егер жеткізуші ҚҚС төлеуші болып табылмаған жағдайда, 9.1 және 9.2-жолдар толтырылмайды;

6) «Жеткізушінің санаты» деген 10-жолда мыналарда:

«А» ұяшығында – егер жеткізуші комитент болып табылған жағдайда;

«В» ұяшығында – егер жеткізуші комиссионер болып табылған жағдайда;

«С» ұяшығында – егер жеткізуші экспедитор болып табылған жағдайда;

«D» ұяшығында – егер жеткізуші лизинг беруші болып табылған жағдайда;

«Е» ұяшығында – егер жеткізуші бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушы болып табылған жағдайда белгі қойылады.

Бұл ретте, «мөлшері» деген 10.1-жолда бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың саны көрсетіледі. «Е» ұяшығы белгіленген және В «Жеткізушінің деректемелері» және Н «Бірлескен қызметке қатысушылардың тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша деректері» бөлімінде «мөлшері» деген 10.1-жолында бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың саны көрсетілген жағдайда бірлескен қызмет туралы шартқа әрбір қатысушы бойынша толтырылады;

«F» ұяшығы – егер жеткізуші:

тауарлар экспорты кедендік рәсімінде тауарлардың әкетуін жүзеге асырған;

өнімдерді бөлу (ӨБК) туралы келісімге (келісімшартқа) қатысушы болып табылған;

Тізбеге енгізілген тауарды Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО мүше-мемлекеттердің аумағына әкетуін жүзеге асырған жағдайда толтырылады;

Ескерту. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 641 (15.12.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.12.2015 № 719 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

32. ЭШФ бірлескен қызмет туралы шарттардың шеңберінде жазып берілген жағдайда «Жеткізушінің деректемелері» деген В бөлімінде:

1) Салық кодексінің 235-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес оның атынан ЭШФ жазып берілетін сенім білдірілген адамның (оператордың, уәкілетті өкілдің) немесе бірлескен қызмет туралы шарттың қатысушысының деректемелері;

2) Салық кодексінің 271-1-бабының 3-тармағында көзделген жағдайда оператордың деректемелері;

3) бірлескен қызмет туралы шарттың әрбір қатысушысының деректемелері көрсетіледі.

ЭШФ тапсырыс шарты шеңберінде жазып берілген жағдайда, «Жеткізушінің деректемелері» деин В бөлімінде Салық кодексінің 233-бабына сәйкес сенім білдірушінің деректемелері көрсетіледі.

Экспорттаушы, өнімді бөлу туралы келісімге (келісімшартқа) (ӨБК) қатысушы болып табылатын, сондай-ақ Салық кодексінің 245-бабы 1-2-тармағына сәйкес тауарларды немесе Салық кодексінің 244-бабына сәйкес халықаралық тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша ҚҚС нөлдік мөлшерлемесін қолданатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуші «экспорттаушы немесе ӨБК қатысушы» F торкөзін белгілейді. Бұл торкөзді белгілеген кезде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуші ЭШФ-ні шетел валютасында жазып бере алады.

«Бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушы» деген торкөзді белгілеген кезде бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың саны көрсетілетін «саны» деген 10.1-жол толтырылуға тиіс, бұл бірлескен қызметтің әрбір қатысушысы үшін толтырылатын «Жеткізушінің деректемелері» деген В және «Бірлескен қызметке қатысушылардың тауарлары, жұмыстары, көрсетілетін қызметтері бойынша деректері» деген Н бөлімдерінің санын арттырады;

4) «Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуді растайтын құжаттар» деген

11-жолда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуді растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі, «Нөмірі» деген 11.1 және «Күні» деген 11.2-жолдардан тұрады (егер 11.1 және 11.2-жолдар толтырылған жағдайда, жол міндетті түрде толтыруға жатады);

5) «қосымша мәліметтер» деген 12-жолда:

«БКТ» әріптері - егер ЕАЭО мүше мемлекеттері болып табылмайтын үшінші елдерден Қазақстан Республикасының аумағына Тізбеге енгізілген тауарды әкелу кезінде кедендік әкелу бажы ЕАЭО БКТ ставкасы бойынша төленген жағдайда;

«ДСҰ» әріптері - егер ЕАЭО мүше мемлекеттері болып табылмайтын үшінші елдерден Қазақстан Республикасының аумағына Тізбеге енгізілген тауарды әкелу кезінде кедендік әкелу бажы төмендетілген ставканы қолданумен төленген жағдайда;

«СТ-1» әріптері - егер Қазақстан Республикасында өндірілген Тізбеге енгізілген тауар іске асырылған жағдайда;

«ТС» әріптері - егер ЕАЭО мүше мемлекеттерден Қазақстан Республикасына бұрын әкелінген Тізбеге енгізілген тауар іске асырылған жағдайда көрсетіледі.

Аталған жол тек мынадай:

Тізбеге енгізілген тауарды іске асырған;

Қазақстан Республикасында өндірілген Тізбеге енгізілген тауар іске асырылған;

тауарды бір заңды тұлғаның шегінде беруге байланысты, Қазақстан Республикасының аумағынан басқа ЕАЭО мүше мемлекеттің аумағына Тізбеге енгізілген тауарды әкеткен;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген;

үшінші елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген;

ЕАЭО мүше мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген жағдайларда ғана толтырылады.

6) «КБе» деген 13-жолда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің бенефициары коды екі цифр көрсетіледі: бенефициардың резиденттік белгісі және бенефициардың экономика секторы (бұл жол Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1011 тіркелген «Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану және төлемдер бойынша оларға сәйкес мәліметтер ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы № 388 қаулысына сәйкес толтырылады);

7) «ЖСК» деген 14-жолда банк шотының нөмірі көрсетіледі;

8) «БСК» деген 15-жолда 14-жолда көрсетілген жеткізушінің есеп шоты ашық жеткізуші банкінің банктік сәйкестендіру коды көрсетіледі;

9) «Банктің атауы» деген 16-жолда «БСК» деген 15-жолға сәйкес келетін жеткізушіге қызмет көрсетілетін банктің атауы көрсетіледі.

Егер «Алушының санаты» деген 21-жолда «мемлекеттік мекемелер» деген Е торкөзі белгіленсе, 13-16-жолдар міндетті түрде толтыруға жатады.

Ескерту. 32-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 641 (15.12.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.12.2015 № 719 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

33. «Алушының деректемелері» ЭШФ деген С бөлімінде:

1) «ЖСН/БСН» деген 17-жолда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушының жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Жол міндетті түрде толтыруға жатады.

Егер «Алушының санаты» деген 21-жолда «резидент емес» F торкөзі белгіленсе, онда бұл жол толтыруға міндетті болып табылмайды.

2) «Қайта ұйымдастырылған тұлғаның БСН» деген 17.1-жолда түзетілген немесе қосымша ЭШФ жазып берген кезде қосылу, бірігу, бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

3) «Алушы» деген 18-жолда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушының атауы көрсетіледі (жол міндетті түрде толтыруға жатады):

тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді алушылар болып табылатын жеке тұлғаларға қатысты - тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);

тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді алушылар болып табылатын дара кәсіпкерлерге қатысты - қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлікте көрсетілген салық

төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және (немесе) атауы;

тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді алушылар болып табылатын заңды тұлғаларға қатысты - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікте көрсетілген атауы. Бұл ретте, ұйымдық-құқықтық нысанын көрсету бойынша дәстүрге, оның ішінде іскерлік айналымдағы дәстүрге сәйкес аббревиатуралар қолданылуы мүмкін;

4) «Орналасқан орнының мекенжайы» деген 19-жолда Салық кодексінің 560-бабының 7-тармағына сәйкес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушының орналасқан орныны көрсетіледі. Дерекқорда заңды мекенжайы немесе орналасқан орнының мекенжайы болмаған жағдайда, жол толтырылмай қалдырылады оны қолмен толтыру құқығы болмайды (жеке тұлғаға ЭШФ жазып берілген жағдайда, жол толтыру үшін міндетті емес);

5) «Қосымша мәліметтер» деген 20-жолда Тізбеге енгізілген тауарлар әкетілетін аумақтағы ЕАЭО мүше мемлекеттің әріптік коды көрсетіледі:

ARM - егер тауар Армения Республикасына әкетілген жағдайда;

BLR - егер тауар Беларусь Республикасына әкетілген жағдайда;

KGZ - егер тауар Қырғыз Республикасына әкетілген жағдайда;

RUS - егер тауар Ресей Федерациясына әкетілген жағдайда.

Аталған жол тек:

бұрын Қазақстан Республикасының аумағына ЕАЭО мүше мемлекеттерден немесе үшінші елдерден әкелінген Тізбеге енгізілген тауарды Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағына әкеткен;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген Тізбеге енгізілген тауарды әкеткен;

тауарды бір заңды тұлғаның шегінде беруге байланысты, Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО мүше мемлекеттің аумағына Тізбеге енгізілген тауарды әкеткен жағдайларда ғана толтыруға жатады;

6) «Алушының санаты» деген 21-жолда:

«А» ұяшығында - егер алушы комитент болып табылған жағдайда;

«В» ұяшығында - егер алушы комиссиянер болып табылған жағдайда;

«С» ұяшығында - егер алушы лизинг беруші болып табылған жағдайда;

«D» ұяшығында - егер алушы бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушы болып табылған жағдайда белгі қойылады.

Бұл ретте, «мөлшері» деген 21.1-жолда бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың саны көрсетіледі. «Е» ұяшығы белгіленген және С «Алушының деректемелері» және Н «Бірлескен қызметке қатысушылардың тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша деректері» бөлімінде «мөлшері» деген 21.1-жолында бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың саны көрсетілген жағдайда бірлескен қызмет туралы шартқа әрбір қатысушы бойынша толтырылады;

«Е» ұяшығында - егер алушы мемлекеттік мекеме болып табылған жағдайда;

«F» ұяшығында - егер алушы резидент емес немесе оның мекенжайында, оны бір заңды тұлғаның шегінде беруге байланысты, Тізбеге енгізілген тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан ЕЭО мүше мемлекеттің аумағына әкету жүзеге асырылатын жеткізушінің құрылымдық бөлімшесі болып табылған жағдайда толырылады.

Бірлескен қызмет туралы шарттар шеңберінде ЭШФ жазып берілген жағдайда «Алушының деректемелері» деген С бөлімінде:

1) Салық кодексінің 235-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ЭШФ жазып берілетін сенім білдірілген адамның (оператордың, уәкілетті өкілдің) немесе бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушының деректемелері;

2) Салық кодексінің 271-1-бабының 3-тармағында көзделінген жағдайда оператордың деректемелері;

3) бірлескен қызмет туралы шарттың әрбір қатысушысының деректемелері көрсетіледі.

ЭШФ тапсырыс шартының шеңберінде жазып берілген жағдайда «Алушының деректемелері» С бөлімінде Салық кодексінің 233-бабына сәйкес сенім білдірушінің деректемелері көрсетіледі.

Ескерту. 33-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 641 (15.12.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.12.2015 № 719 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

34. «Жүкті жөнелтушінің және жүкті алушының деректемелері» ЭШФ деген D бөлімінде жүкті жөнелтушінің және жүкті алушының (олар болған кезде) мынадай деректемелері көрсетіледі:

- 1) «ЖСН/БСН» деген 22.1-жолда жүкті жөнелтушінің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;
- 2) «Атауы» деген 22.2-жолда жүкті жөнелтушінің атауы көрсетіледі;
- 3) «Жөнелту мекенжайы» деген 22.3-жолда тауарды жөнелту орынының мекенжайы көрсетіледі;
- 4) «ЖСН/БСН» деген 23.1-жолда жүкті алушының жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;
- 5) «Атауы» деген 23.2-жолда жүкті алушының атауы көрсетіледі;
- 6) «Жеткізу мекенжайы» деген 23.3-жолда тауарды жеткізу орынының мекенжайы көрсетіледі.

35. «Жеткізу шарттары» ЭШФ деген E бөлімінде:

- 1) «Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізуге шарт (келісімшарт)» деген 24-жол тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуге арналған шарттың (келісімшарттың) нөмірі көрсетілетін нөмірі» деген 24.1-жолдан және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуге шарттың (келісімшарттың) күні көрсетілетін «күні» деген 24.2-жолдан тұрады. Бұл жолдар өзара тәуелді жолдар болып табылады;
- 2) «Шарт бойынша төлем талаптары» деген 25-жолда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуге арналған шартқа (келісімшартқа) сәйкес төлем талаптары көрсетіледі;
- 3) «Жөнелту тәсілі» деген 26-жолда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуге арналған шартқа (келісімшартқа) сәйкес жөнелту тәсілі көрсетіледі;
- 4) «Тауарларды жеткізу сенімхат бойынша жүзеге асырылды» деген 27-жолдың негізінде тауарларды жеткізу жүзеге асырылған сенімхаттың нөмірі көрсетілетін «нөмірі» деген 27.1-жолдан және оның негізінде осындай тауарларды жеткізу жүзеге асырылған сенімхаттың күні көрсетілетін «күні» деген 27.2-жолдан тұрады. Бұл жолдар өзара тәуелді жолдар болып табылады;
- 5) «Межелі пункті» деген 28-жолда ЕЭО мүше мемлекеттің әкімшілік-аумақтық бірлігі тауарларды жеткізу орны көрсетіледі.

Аталған жол тек:

тауарды бір заңды тұлғаның шегінде беруге байланысты, Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО мүше мемлекеттің аумағына Тізбеге енгізілген тауарды әкеткен жағдайда ғана толтыруға жатады.

Ескерту. 35-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 641 (15.12.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.12.2015 № 719 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

36. «Мемлекеттік мекеменің деректемелері» ЭШФ деген F бөлімінде:

- 1) «ЖСК» деген 29-жолда:

мемлекеттік мекеменің қаржыландыру көзіне қарай республикалық бюджетке (облыстық бюджетке (республикалық маңызы бар қала (астана) бюджетіне) не аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетіне) түсетін түсімдерді есепке алу;

мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатуынан түсетін ақшаны есепке алу және олардың есебінен есеп айырысулар жүргізу;

мемлекеттік мекемелер үшін демеушілік, қайырымдылық көмектен түсетін, олар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес алатын ақшаны есепке алу және жұмсау;

мемлекеттік мекемеге қайтарымды не белгілі бір жағдайлар басталған кезде тиісті бюджетке немесе үшінші тұлғаларға аудару шартында жеке және (немесе) заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік мекемеге беретін ақшаны есепке алу;

ерекше шығыстарды жүргізуге арналған бюджет ақшасын есепке алу және оларды пайдалану жөніндегі операцияларды есептеу үшін қолма-қол ақшаны бақылау шотының тиісті;

- 2) «Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің коды» деген 30-жолда Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 25 мамырдағы № бұйрығымен бекітілген 215, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5702 тіркелген Республикалық немесе жергілікті бюджеттің есебінен ұсталатын, сатудан түсетін ақша өздерінің иелігінде қалатын мемлекеттік мекемелердің тауарлары (жұмыстары, көрсетілетін қызметтері) тізбесінің сыныптауышына сәйкес тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің коды көрсетіледі (бұл жол егер 29-жолда мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатуынан

түсетін ақшаны есепке алу және олардың есебінен есеп айырысулар жүргізу жөніндегі операцияларды есептеу үшін қолма-қол ақшаны бақылау шоты (мемлекеттік мекемеге тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуден олардың иелігінде қалатын ақша) көрсетілген жағдайда толтыру үшін міндетті болып табылады;

3) «Төлем мақсаты» деген 31-жолда осы шот-фактура бойынша мемлекеттік мекеме сатып алған тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге, айналымға ақы төлеу үшін төлем мақсаты көрсетіледі;

4) «БСК» деген 32-жолда ЭШФ АЖ автоматты түрде бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органның банктік сәйкестендіру нөмірін көрсетеді.

Осы тармақта көрсетілген деректемелер Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 тіркелген Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет корсету ережесіне сәйкес толтырылады.

«Мемлекеттік мекеменің деректемелері» деген F бөлімін толтыру ЭШФ-ны мемлекеттік мекеменің атына жазып берген кезде міндетті болып табылады.

37. «Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша деректер» деген C бөлімінде:

1) «Валюта коды» деген 33.1-жолда Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген «Валюталар жіктеуіші» деген 23-қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі (егер «Жеткізушінің санаты» деген 10-жолда «экспорттаушы немесе ӨБК қатысушы» деген F ұяшық белгіленсе, жол толтырылады);

2) «Валюта бағамы» деген 33.2-жолда:

егер жеткізуші ол үшін Салық кодексінің 308-1-бабы 1-тармағына сәйкес салық салу режимі көзделген жер қойнауын пайдаланушы болып табылған жағдайда - осы жолда өнімді бөлу туралы келісімдерге (келісімшарттарға) сәйкес қолданылатын валюта бағамы көрсетіледі;

өзге жағдайларда - тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді іске асыру бойынша айналым жасау күнінде белгіленген валютаның нарықтық бағамы көрсетіледі.

Егер «Жеткізушінің санаты» деген 10-жолда «экспорттаушы немесе ӨБК қатысушы» деген F ұяшығы белгіленсе және «Валюта коды» деген 33.1-жолда «KZT»-ден өзгеше мән көрсетілсе, осы жол толтырылады;

3) «P\с №» деген 1-бағанда тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің әрбір атауы бойынша жолдың реттік нөмірі көрсетіледі;

4) «Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы» деген 2-бағанда өткізілетін тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің атауы көрсетіледі (жол міндетті толтыруға жатады). Бұрын Қазақстан Республикасына әкелінген тауарды іске асырған жағдайда атауы тауарларға арналған декларацияда немесе тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініште көрсетілген тауарлардың атауымен сәйкес келуі тиіс;

5) «Тауар коды (СЭҚ ТН)» деген 3-бағанда Қазақстан Республикасына тауарлардың әкелуін ресімдеу кезінде тауарларға арналған декларацияның 33-жолында көрсетілген Еуразиялық экономикалық комиссиясы Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешімімен бекітілген Сыртқы экономикалық қызметтің Тауар номенклатурасының жіктеуішіне сәйкес сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының коды көрсетіледі.

Аталған баған:

бұрын Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарды, оның ішінде Тізбеге енгізілген тауарды іске асыру;

егер мұндай тауарды сатып алу кезінде жазып берілген ЭШФ-тағы G бөлімінің 3-бағанында СЭҚ ТН коды көрсетілсе және мұндай тауар өзгеріссіз қалыпта іске асырылса, Тізбеге енгізілген тауарды іске асыру;

Тізбеге енгізілген тауарды бір заңды тұлғаның шегінде беруге байланысты Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО мүше мемлекеттің аумағына әкету кезінде міндетті толтыруға жатады;

6) «Өлшем бірлігі» деген 4-бағанда іске асырылатын тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің өлшем бірлігі (шартты белгі) (ол болған кезде) көрсетіледі;

7) «Саны (көлемі)» деген 5-бағанда осы тармақтың 6) тармақшасында көзделген тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің ЭШФ бойынша өткізілетін, қабылданған өлшем бірліктеріне сүйене отырып саны (көлемі) (оларды көрсету мүмкін болған кезде) көрсетіледі;

8) «Жанама салықтарсыз тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бір бірлігі үшін бағасы (тариф)» деген 6-бағанда ҚҚС пен акцизді есепке алмағандағы тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің шарт (келісімшарт) бойынша бірлігі үшін бағасы (тариф) (оны көрсету мүмкіндігі болған кезде) көрсетіледі;

9) «Жанама салықтарсыз тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны» деген 7-бағанда ҚҚС пен акцизді есепке алмағандағы ЭШФ бойынша тиеп жөнелтілген (жеткізілетін) тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің барлық санының (көлемінің) құны көрсетіледі (жол міндетті түрде толтыруға жатады);

10) «Акциздің ставкасы» деген 8-бағанда акцизделетін тауарларды өткізген жағдайда акциздің ставкасы көрсетіледі;

11) «Акциз сомасы» деген 9-бағанда 8-бағанда көрсетілген ставка бойынша есептелген акцизделетін тауарлар бойынша сома көрсетіледі;

12) «Өткізу бойынша айналымның (салық салынатын/салық салынбайтын айналым) мөлшері» деген 10-бағанда Салық кодексінің 238-бабына сәйкес айқындалған өткізу бойынша айналым мөлшері көрсетіледі (жол міндетті түрде толтыруға жатады);

13) «ҚҚС ставкасы» деген 11-бағанда ҚҚС ставкасы көрсетіледі. Салық салынбайтын айналымдар бойынша ЭШФ жазып берілген, сондай-ақ ҚҚС төлеуші болып табылмайтын салық төлеушіге ЭШФ жазып берілген жағдайда, «ҚҚС-сыз» түзету мүмкіндігінсіз белгісі көрсетіледі (жол міндетті түрде толтыруға жатады);

14) «ҚҚС сомасы» деген 12-бағанда осы тармақтың 13) тармақшасында көрсетілген ставка бойынша есептелген ҚҚС сомасы көрсетіледі (жол міндетті түрде толтыруға жатады);

15) «Жанама салықтарды есепке алғандағы тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны» деген 13-бағанда ҚҚС пен акцизді есепке алғандағы ЭШФ бойынша тиеп жөнелтілген (жеткізілетін) тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің барлық санының (көлемінің) құны көрсетіледі (жол міндетті түрде толтыруға жатады);

16) «КО шеңберінде өтініштің немесе Тауарларға арналған декларация нөмірі» деген 14-бағанда:

бұрын ЕАЭО мүше мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарларды іске асырған жағдайда тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініштің 18 мәнді тіркеу нөмірі көрсетіледі.

Бұл ретте тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініштің әртүрлі тіркеу нөмірі бойынша біртекті импортталған тауарлар осы бөлімнің жеке жолдарында көрсетіледі.

Тауарларға арналған декларацияның 20 мәнді тіркеу нөмірі:

бұрын Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарды, оның ішінде Тізбеге енгізілген тауарды іске асырған;

егер мұндай тауарды сатып алу кезінде жазып берілген ЭШФ-тағы G бөлімінің 3-бағанында СЭҚ ТН коды көрсетілсе және мұндай тауар өзгеріссіз қалыпта іске асырылса, Тізбеге енгізілген тауарды іске асырған;

Тізбеге енгізілген тауарды бір заңды тұлғаның шегінде беруге байланысты Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО мүше мемлекеттің аумағына әкеткен жағдайда көрсетіледі;

17) «Қосымша деректер» деген 15-жолда тауарларға арналған декларацияның 32-жолында көрсетілген Тізбеге енгізілген тауардың реттік нөмірі көрсетіледі.

Аталған баған тек мынадай:

бұрын Қазақстан Республикасының аумағына импортталған Тізбеге енгізілген тауарды іске асырған;

егер мұндай тауарды сатып алу кезінде жазып берілген ЭШФ-тағы G бөлімінің 15-бағанында тауарларға арналған декларацияның реттік нөмірі көрсетілсе және мұндай тауар өзгеріссіз қалыпта іске асырылса, Тізбеге енгізілген тауарды іске асырған;

Тізбеге енгізілген тауарды бір заңды тұлғаның шегінде беруге байланысты ЕАЭО мүше мемлекеттің аумағына әкеткен жағдайда міндетті толтыруға жатады;

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.12.2015 № 719 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. «Бірлескен қызметке қатысушылардың тауарлары, жұмыстары, көрсетілетін қызметтері бойынша деректері» деген H бөлімінде:

1) «Бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушының ЖСН/БСН» деген 34.1-жолда бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушының жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

2) «Қайта ұйымдастырылған тұлғаның БСН» деген 34.2-жолда түзетілген немесе қосымша ЭШФ жазып берген кезде қосылу, бірігу, бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

Бұл бөлім бірлескен қызмет туралы шарттың әрбір қатысушысы бойынша бірлескен қызмет туралы шартта айқындалған олардың қатысу үлесіне қарай осы Қағидалардың 34-тармағына сәйкес толтырылады;

39. ЭШФ «Қосымша мәліметтер» деген I-бөлімдегі 35-жолда оларды сатып алу кезінде Тізбеге енгізілген тауардың жеткізушілерінен алынған электрондық шот-фактураның 1-жолында көрсетілген ЭШФ тіркеу нөмірі көрсетіледі.

Аталған жол тек мынадай:

оның қасиеті мен сипаттамасын өзгертпей Тізбеге енгізілген тауарды іске асырған;

Тізбеге енгізілген тауарды бір заңды тұлғаның шегінде беруіне байланысты Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО мүше-мемлекеттің аумағына әкеткен жағдайларда ғана толтыруға жатады.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 641 (15.12.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. «ЭЦҚ бойынша мәліметтер» ЭШФ деген J бөлімінде:

1) «Заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) немесе дара кәсіпкердің ЭЦҚ» деген 36-жолда егер шот-фактураға қол қою заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің ҰКО тіркеу куәлігінің көмегімен орындалған жағдайда заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) ЭЦҚ көрсетіледі;

2) «Шот-фактураға қол қоюға уәкілетті адамның ЭЦҚ» деген 37-жолда егер шот-фактураға қол қою АЖ ЭШФ қатысушы атынан шот-фактура жазып беруге құқылы жеке тұлғаның ҰКО жеке тіркеу куәлігінің көмегімен орындалған жағдайда шот-фактураға қол қоюға уәкілетті адамның ЭЦҚ қойылады ;

3) «ЭШФ жазып беретін адамның аты-жөні» деген 38-жолда ЭШФ жазып беретін адамның аты-жөні тегі, аты және әкесінің аты көрсетіледі.

41. Жазып берілген ЭШФ-да толтыру үшін міндетті болып табылатын деректемелер және салық төлеуші өзі дербес толтырған деректемелер көрсетіледі.

42. ЭШФ, егер осы Қағидаларға сәйкес оған ЭШФ АЖ қатысушы ЭЦҚ құралдарымен қол қойса, сондай-ақ осындай ЭШФ-на тіркеу нөмірі берілсе, ЭШФ жазып берген адам жіберген деп саналады.

43. ЭШФ-да 2014 жылдың 1 шілдесінен бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде жазып берілген мына мәліметтер:

1) «Қайта ұйымдастырылған тұлғаның СТН» деген 6 бағанда - БСН (Қайта ұйымдастырылған тұлғаның СТН);

2) «Алушының деректемелері» деген С бөлімінде - ҚҚС төлеушінің куәлігі (сериясы мен нөмірі);

3) «Жанама салықтарсыз тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бір бірлігі үшін бағасы (тариф)» деген 6-бағанда «Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша деректер» G бөлімі - ҚҚС есептеусіз бірлігі үшін бағасы (тариф);

4) «Жанама салықтарсыз тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны» деген 7-бағанда «Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша деректер» G бөлімі - ҚҚС-сыз тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) құны;

5) «Жанама салықтарсыз тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны» деген 13-бағанда «Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша деректер» G бөлімі - ҚҚС есепке ала отырып тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) құны;

6) «КО шеңберінде өтініштің немесе Тауарларға арналған декларация нөмірі» деген 14-бағанда «Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша деректер» G бөлімі - КО шеңберінде өтініштің №;

7) «ЭЦҚ бойынша мәліметтер» деген J бөлімінде - уәкілетті тұлға шот-фактураға қол қояды тегі, аты, әкесінің аты (Т.А.Ә.) көрсетілуі мүмкін.

Бұл ретте ЭШФ нысанында 2014 жылдың 1 шілдесінен бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде жазып берілген өзге де жолдың нөмірлері сақталуы мүмкін.

3. ЭШФ куәландыру тәртібі

44. Құжат айналымы жұмысын қамтамасыз ету, жүйедегі сәйкестендіру, электрондық құжаттарға қол қою, электрондық құжаттардың түпнұсқалығын растау үшін ЭШФ АЖ-де ҰКО электрондық нысандағы тіркеу куәліктерімен міндетті түрде қол қою көзделген.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.12.2015 № 719 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. ЭШФ заңды тұлғаның, дара кәсіпкердің немесе уәкілетті адамның ЭЦҚ куәландырылады.

46. ЭШФ куәландыру кезінде ЭШФ АЖ тіркеу куәлігін осы тіркеу куәлігінің жарамдылығы (қолданылу мерзімі, тіркеу куәлігі иесінің сәйкестендіру деректері және т.б.) мәніне тексеруді жүзеге асырылады.

4. Түзетілген, қосымша ЭШФ алынғанын және (немесе) оны қайтарып алуды растау ерекшеліктері

47. Растауды алу мақсатында тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуші түзетілген, қосымша ЭШФ жазып берген және (немесе) қайтарып алынған жағдайда мұндай ЭШФ мынадай мәртебе беріледі:

1) «Қаралмады» - тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушы ЭШФ қарағанға дейін;

2) «Жеткізілді» - тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушы ЭШФ қарағаннан кейін.

48. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушының оған түзетілген ЭШФ жазып берген жағдайда осындай ЭШФ жазып берген күннен бастап 10 күн ішінде ЭШФ АЖ құралдарымен осындай ЭШФ қабылданбауы туралы ақпаратты көрсету жолымен осындай ЭШФ жазып берумен келіспеушілігін көрсетуге құқығы бар.

49. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушының оған қосымша ЭШФ жазып берген жағдайда осындай ЭШФ жазып берген күннен бастап 10 күн ішінде ЭШФ АЖ құралдарымен осындай ЭШФ қабылданбауы туралы ақпаратты көрсету жолымен есепке жатқызылатын ҚҚС сомаларын түзетуге әкелетін салық салынатын айналым мөлшерін түзетумен келіспеушілігін көрсетуге құқығы бар.

50. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушының ЭШФ қайтаруды алған жағдайда ЭШФ кері қайтарылған күннен бастап 10 күн ішінде ЭШФ АЖ құралдарымен осындай ЭШФ қабылданбауы туралы ақпаратты көрсету жолымен осындай ЭШФ кері қайтару туралы келіспеушілігін көрсетуге құқығы бар.

51. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы салық салынатын айналым мөлшерін түзетуден және ЭШФ қайтарып алудан бас тартқан жағдайда, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы түскен құжаттың ауытқу жолымен ЭШФ АЖ құралдарымен орындайды. Ауытқуы осы қағидаларда белгіленген мерзімдерде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы орындамаған ЭШФ, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы растады деп саналады.

4-1. Жекелеген жағдайларда электрондық шот-фактураларды жазып беру ерекшеліктері

Ескерту. 4-1-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 29.12.2015 № 719 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51-1. Сатып алушыларға бақылау-касса машиналардың чектерін ұсына отырып жеке тұлғаларға Тізбеге енгізілген тауарларды қолма-қол есеп айырысқаны үшін іске асыру кезінде жеткізуші мұндай тауарларға «Алушының деректемелері» деген С бөлімде:

«Алушы» деген 18-жолда - «жеке тұлға» деген сөздер көрсетілетін;
«Орналасқан жерінің мекенжайы» деген 19-жолда - «бөлшек сауда» деген сөздер көрсетілетін;
«F» деген ұяшықта - белгі қойылатын бір күн ішіндегі барлық айналымға бір ЭШФ жазып беріледі.

5. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган мен мемлекеттік кірістер органдары арасындағы өзара іс-қимыл жасау тәртібі

Ескерту. 5-тарау жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 641 (15.12.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. Мемлекеттік кірістер органдары автоматты режимде ЭШФ АЖ операторына ЭШФ АЖ-не қатысушылардың нормативтік-анықтамалық ақпаратын береді.

53. ЭШФ АЖ операторы тіркелуі және сақталуы осы Қағидаларда белгіленген ЭШФ автоматты режимде мемлекеттік кірістер органдарына береді.

Электрондық нысанда жазып
берілетін шот-фактуралардың құжат
айналымының қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Ескерту. 1-қосымшаның жоғарғы оң бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.12.2015 № 719 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Электронды түрде жазып берілетін шот-фактуралардың ақпараттық жүйесін пайдалану туралы келісім

1. Жалпы ереже

1. Осы Келісімде пайдаланылатын ұғымдар:

уәкілетті адам - ЭШФ АЖ-де осындай заңды тұлғаның атынан сенімхат негізінде операцияларды жүзеге асыруға құқық, оның ішінде заңды тұлғаның атынан ЭШФ қол қою құқығы берілген заңды тұлғаның қызметкері;

электрондық құжат - ақпараты электрондық-цифрлық нысанда табыс етілген және ЭЦҚ арқылы куәландырылған құжат;

электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі;

электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - ЭШФ АЖ) - бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның ақпараттық жүйесі, ол арқылы ЭШФ жазып беру, қабылдау, тіркеу, өңдеу, беру, алу және сақтау жүзеге асырылады;

электрондық шот-фактура - ЭШФ АЖ арқылы электрондық нысанда жазып берілетін және салық заңнамасы нормаларының талаптарына және осы Қағидаларға сәйкес келетін шот-фактура;

электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесіне қатысушы - ЭШФ АЖ пайдалану туралы келісімге қол қойған және ЭШФ АЖ-де тіркелген адам;

электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінің операторы - ЭШФ АЖ әкімшісі болып табылатын бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 641 (15.12.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.12.2015 № 719 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Келісімнің нысанасы

2. Осы Келісім бойынша ЭШФ АЖ қатысушы өзіне ЭШФ жазып беру, жөнелту, қабылдау, тіркеу, өңдеу, беру, алу және сақтау жүзеге асырылатын ЭШФ АЖ пайдалану бойынша міндеттерді қабылдайды.

3. ЭШФ операторы ЭШФ АЖ қатысушыға ЭШФ АЖ-не рұқсат беруді қамтамасыз етеді.

4. Осы Келісім бойынша ЭШФ жазып беріледі, ЭШФ АЖ арқылы жөнелтіледі және қабылданады, ЭЦҚ қол қойылады және ЭШФ АЖ-де сақталады.

3. Қатысушының құқықтары мен міндеттері

5. ЭШФ АЖ қатысушыға Салық кодексінде, ЭШФ құжат айналымы қағидаларында, сондай-ақ осы Келісімде көзделген құқықтар беріледі және ол өзіне міндеттерді қабылдайды.

6. ЭШФ АЖ қатысушы жеке тұлға осы Келісімге және ЭШФ құжат айналымы қағидаларына сәйкес ЭШФ АЖ-де өзі және оның контрагенттері жазып берген ЭШФ қарауға құқылы.

7. ЭШФ АЖ қатысушы электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасының Заңын сақтай отырып ЭШФ жазып беруге міндеттенеді.

8. Заңды тұлғаның басшысы ауысқан жағдайда, ЭШФ АЖ қатысушы заңды тұлғаның уәкілетті өкілі:

1) ЭШФ АЖ қатысушы заңды тұлғаның орналасқан орны бойынша мемлекеттік кірістер органына заңды тұлғаның басшысы туралы мәліметтерді өзгерту үшін тіркеу есебіне қою туралы салықтық өтінішпен үш жұмыс күні ішінде;

2) жаңа тіркеу куәлігін алу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Ұлттық куәландырушы орталыққа жүгінуге міндетті.

Егер ЭШФ жазып берілген аталған заңды тұлғаның басшысы болып табылмаған заңды тұлғаның басшысы жазып берген жағдайда, онда жазып берілген ЭШФ-ға жаңа басшы жауаптылықта болады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 641 (15.12.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Заңды тұлғалар ЭШФ АЖ-де жұмыс істеу үшін осы Келісімге қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық нысанда жасалған сенімхат негізінде уәкілетті адамды айқындайды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 09.12.2015 № 641 (15.12.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Заңды тұлғаның басшысы уәкілетті адамға берілген құқықтарды түзетуге, қарау ғана болмаса оны осы құқықтардан айыруға құқылы.

11. ЭШФ АЖ қатысушы заңды тұлға заңды тұлғаның атынан заңды тұлғаның бірнеше қызметкеріне бір мезгілде ЭШФ қол қою құқығын беруге құқылы.

12. ЭШФ АЖ қатысушы заңды тұлға осы Келісімнің 5-тармағында көзделген сенімхатты жою туралы шешім қабылданған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осындай шешім қабылданған уақыттан бастап күнтізбелік бір күннен кешіктірмей оны қайтарып алады.

13. ЭШФ АЖ қатысушы ЭШФ АЖ пайдаланудан бас тартқан жағдайда, ЭШФ АЖ операторына кейіннен түпнұсқасы жеткізіліп берілетін жазбаша хабарламаны хатпен, жеделхатпен немесе факспен жіберуге міндетті.

4. Жауаптылық

14. ЭШФ АЖ қатысушы, сондай-ақ уәкілетті адамдар ЭШФ-ғы мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығына жауапты болады.

15. ЭШФ АЖ қатысушы ЭШФ-ға ЭЦҚ қойылу заңдылығы, сондай-ақ ЭШФ жазып беру нәтижесінде пайда болған салдар үшін жауапты болады.

16. ЭШФ АЖ қатысушы осы Келісімде көрсетілген деректемелердің түпнұсқалығы үшін жауапты болады.

17. ЭШФ АЖ қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жауаптылықта болады.

18. Егер осы Келісім шарттарының бұзылуы ЭШФ АЖ қатысушына байланысты емес мән-жайлар бойынша ЭШФ АЖ ақаулықтар нәтижесінде болса, ол көрсетілген бұзылу үшін жауапты болмайды.

19. Егер осы Келісім шарттарының бұзылуы форс-мажор мән-жайларының нәтижесі болса, бұл үшін ЭШФ АЖ қатысушы жауапты болмайды.

Осы Келісімнің мақсаты үшін «форс-мажор» Қатысушы және ЭШФ операторының және күтпеген сипаттағы тарапынан бақылауға бағынбайтын оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар ұрыс қимылдары, табиғи немесе зілзала апаттары, індет, карантин және басқаны қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

5. Қатысушының деректемелері

Жеке тұлға	1. ЖСН _____ 2. Т.А.Ә. _____ 3. Жеке басын куәландыратын құжат: паспорт <input type="checkbox"/> жеке куәлік <input type="checkbox"/> нөмірі _____ кім берген _____ қашан берген 20__ жылғы «__» _____ 4. Тұрғылықты жерінің мекенжайы _____ _____ _____
Дара кәсіпкер	1. ЖСН/БСН _____ 2. Атауы (ол болған кезде) _____ 3. Жеке басын куәландыратын құжат: паспорт <input type="checkbox"/> жеке куәлік <input type="checkbox"/> нөмірі _____ кім берген _____ қашан берген 20__ ж. «__» _____ 4. Қызметін жүзеге асыру мекенжайы _____ _____ _____
Заңды тұлға	1. БСН _____ 2. Атауы _____ 3. Басшының Т.А.Ә. _____ 4. Басшының ЖСН _____ 4. Заңды мекенжайы _____ _____ _____

Мен _____ осы Келісімнің шарттарымен келісемін.

ЭЦҚ _____

Күні 20__ ж. «__» _____

Электронды түрде жазып берілетін
шот-фактуралардың ақпараттық жүйесін
пайдалану туралы келісімге
қосымша

Нысан

СЕНІМХАТ

_____ (заңды тұлғаның атауы)

Заңды мекенжайы _____

БСН _____ атынан

негізінде әрекет ететін _____

(басшы немесе құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген өзге тұлға)

осы сенімхатпен _____

Т.А.Ә. _____

ЖСН _____

Жеке басын куәландыратын құжат:

паспорт

жеке куәлік

кім және қашан берілді _____

_____ тұлға атынан

(заңды тұлғаның атауы)

мынадай іс-қимылдарды:

1. _____

2. _____

3. _____ жүзеге асыруға уәкілеттік береді.

Өкілге сенім білдірушінің атынан жазылған электрондық шот-фактураларға электрондық цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ) қол қою құқығы беріледі.

Сенімхат басқа біреуге сенім білдіру құқығынсыз _____ мерзімге берілді.

Сенім білдірушінің ЭЦҚ _____

Күні 20__ ж. «__» _____

Электрондық нысанда жазып
берілетін шот-фактуралардың құжат
айналымының қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Ескерту. 2-қосымшаның жоғарғы оң бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.12.2015 № 719 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ШОТ-ФАКТУРА

А бөлім. Жалпы бөлім

1. Тіркеу нөмірі	1.1. Есепке алу жүзесінің нөмірі		
2. Жазып берілген күн	3. Айналым жасау күні		
4. Түзетілген <input type="checkbox"/>	4.1. Жазып берілген күн	5. Қосымша <input type="checkbox"/>	5.1 Жазып берілген күн
4.2. Есептік жүйе нөмірі	4.3. Тіркеу нөмірі	5.2. Есептік жүйе нөмірі	5.3 Тіркеу нөмірі

В бөлім. Жеткізушінің деректемелері

6. ЖСН/БСН	6.1. Қайта ұйымдастырылған тұлғаның БСН	10. жеткізушінің санаты:
7. Жеткізуші		A комитент
8. Орналасқан орнының мекенжайы		B комиссиянер
9. ҚҚС төлеушінің куәлігі		C экспедитор
9.2. есеп нөмірі		D лиценз беруші
11. Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жеткізуді растайтын құжат	11.1. нөмірі	E бірлескен қызмет туралы шарттың қатысушы экспорттаушы немесе ӨБК қатысушы
	11.2. күні	F Қосымша мәліметтер
13. КБе	14. ЖСК	
15. БСК	16. Банктің атауы	

С бөлім. Алушының деректемелері

17. ЖСН/БСН	17.1. Қайта ұйымдастырылған тұлғаның БСН	21. алушының санаты:
18. Алушы		A комитент
19. Орналасқан орнының мекенжайы		B комиссиянер
20. Қосымша мәліметтер		C лиценз алушы
		D бірлескен қызмет туралы шарттың қатысушы мемлекеттік мекеме
		E резидент емес
		F

Д бөлім. Жүкті жөнелтуші мен жүкті алушының деректемелері

22. Жүкті жөнелтуші	23. Жүкті алушы
22.1. ЖСН/БСН	23.1. ЖСН/БСН
22.2. Атауы	23.2. Атауы
22.3. Жөнелту мекенжайы	23.3. Жеткізу мекенжайы

Е бөлім. Жеткізу шарттары

24. Тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің жеткізуге шарт (кепірімшарт)	24.1. нөмірі	27. Тауарларды жеткізу сенімхат бойынша жүзеге асырылды	нөмірі
24.2. күні			күні
25. Шарт бойынша төлем талаптары		28. Межелі пункт	
26. Жөнелту тәсілі			

Ғ бөлім. Мемлекеттік мекеменің деректемелері

29. ЖСК	31. Төлемнің мақсаты
30. Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің коды	32. БСК ККМFKZ2A

Г бөлім. Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша деректер

		33.1 валюта коды		33.2 валюта бағамы									
№ р/с	Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы	Тауар коды (СЭК ТН)	Өлшем бірлігі	Саны (көлемі)	Жанана салықтарсыз тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бір бірлігі үшін бағасы (тариф)	Жанана салықтарсыз тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны	Акциз		Өткізу бойынша айналым мөлшері	ҚҚС		Жанана салықтарды есепке алғандағы тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны	КО шеңбері өтімі немесе Тауарлар арналы декларация №
							Мөлшерлемесі	Сомасы		Мөлшерлемесі	Сомасы		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
Есеп бойынша барлығы:													

Н бөлім. Бірлескен қызметке қатысушылардың тауарлары, жұмыстары, көрсетілетін қызметтері бойынша деректер

		34.1 Бірлескен қызметке қатысушының ЖСН/БСН		34.2 Қайта ұйымдастырылған тұлғаның БСН									
№ р/с	Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы	Тауар коды (СЭК ТН)	Өлшем бірлігі	Саны (көлемі)	Жанана салықтарсыз тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін	Жанана салықтарсыз тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін	Акциз		Өткізу бойынша айналым мөлшері	ҚҚС	Жанана салықтарды есепке алғандағы тауарлардың, жұмыстардың,	КО шеңбері өтімі немесе Тауарлар	
							қызметі	қызметі					жұмысталған

1	2	3	4	5	қызметтердің бір бірлігі үшін бағасы (тариф)	қызметтердің құны	Мөлшерлемесі	Сомасы	10	Мөлшерлемесі	Сомасы	көрсетілетін қызметтердің құны	арналы декларация №
					Есеп бойынша барлығы:								

I бөлім. Қосымша мәліметтер

15. Қосымша мәліметтер _____

J бөлім. ЭЦҚ бойынша мәліметтер

16. Заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) немесе дара кәсіпкердің ЭЦҚ _____

17. Шоғ фактураға қол қоюға уәкілетті адамның ЭЦҚ _____

18. ЭИПФ жазып беретін адам _____